

**«БВ03107-Психология» білім беру бағдарламасы
2022-2023 оқу жылының күзгі семестрі
2 курс, қазақ бөлімі**

**Пән: Түйсіну, қабылдау және зейін психологиясы
6-дәріс**

Дәрістің тақырыбы:

Қабылдау психологиясының жалпы сұрақтары.

Қабылдау перцептивті іс-әрекет ретінде

Дәрістің жоспары:

1.Түйсіну психологиясынның жалпы қорытындысы

2. Қабылдау психологиясының жалпы сұрақтары.

3.Қабылдау перцептивті іс-әрекет ретінде

1. Түйсіну психологиясынның жалпы қорытындысы

А.Н. Леонтьевтің концепциясына сәйкес, түйсік психиканың тарихи бірінші түрі. Түйсіктің пайда болуы жүйке ұлпалары тітіркенуінің дамуымен байланысты. Эволюциялық процестің белгілі бір деңгейінде ағзадағы қарапайым тітіркену сезімталдылыққа ұласады, яғни тек өмір үшін маңызды тітіркендіргіштерге ғана емес, сигналдық мәні бар тітіркендіргіштерге де әсер етуге қабілеттілік.

Бұл мүмкін болатын жалғыз көзқарас емес. А.Н. Леонтьев түйсінудің механизмдерін зерттей келе мынадай жалпы қорытындыға келеді, ортақ принциптік механизм сыртқы әсер етуге тән сезім мүшелерінде процестердің бір біріне ұқсау механизмі болып табылады.

Кейін **К.К. Платонов психиканың қарапайым тарихи бірінші түрі эмоция екендігін дәлелдеуге тырысты.**

Б.М. Теплов және В.Д. Небылицынның көзқарастары бойынша сезгіштік адамның жоғарғы жүйке жүйесі іс-әрекетінің көрсеткіші ретінде жүреді.

Түйсіктің даму теориясында түйсінудің пайда болуына эффекторлық процестердің қатысуы туралы да зерттеулер маңызды орынға ие. Бұл зерттеулердің жалпы қорытындысы мынадай: түйсік психикалық құбылыс ретінде жауап реакциясы адекватты емес жағдайда немесе мүлдем болмаған кезде түйсінудің болуы мүмкін емес; қозғалмайтын көз соқырлық белгісі, ол қозғалмайтын қол астереогностикалық сияқты (**А.Н. Леонтьев, П.И. Зинченко, В.П. Зинченко, Т.П. Зинченко және т.б. жұмыстарында**).

Эволюциялық және генетикалық ықпалдарды зерттей отырып, түйсінудің функционалды дамуын да зерттеу маңызды мәселелердің бірі. Яғни, сыртқы факторлардың әсерінен туындаған түйсіну табалдырықтарына байланысты эксперименттік зерттеулер, соның ішінде сезім органдарын бұрмалайтын **жасанды шартты кіргізіп, түйсінуді өзгерту жайлы тәжірибелер (М. Страттон тәжірибелері, И. Келердің кейінгі жұмыстары).**

Осы жағдайда өткен түйсінудің қайта жасалуы түйсінуді дұрыстауға итермелейді, яғни қоршаған әлем заттарымен практикалық байланыс тәжірибелеріне адекваттылықты орнату жайлы сөз болып отыр. Түйсінулердің өзара әрекеті жайлы зерттеулерге 1930 жылдан бастап назар аударылды (**С.В. Кравков**).

Сенсорлық қатардың үздіксіздігі жайлы классикалық теория Фехнердің идеяларын сынаумен байланысты пайда болды, Стивенс табалдырық уақытқа қатысты инвариантты болмайды, ол ылғида өзгереді, табалдырық үшін айқын емес түйсіну аламыз.

Эксперимент барысында анықталды сенсорлық жүйеге уақыт сайын көптеген факторлар әсер етеді, ол факторлардың әсерін ылғида ескеру мүмкін месе, біреулері жағымды біреулері жағымсыз әсер етеді, осы баланс Гаусстың нормалды бөлу қисығымен белгіленеді, түйсінудің пайда болуы яғни стимулаға жауап реакциясы сол стимулдың интенсивтілігімен ғана өлшенбейді, кездейсоқ сенсорлықтан тыс

факторлардың балансыда әсер етді, сондықтан да сол бір ғана стимул түйсінуді не туғызады не туғызбауы мүмкін. Бәрі әсер ететін факторлар балансына байланысты жағымды екеу болса жағымсық да екеу болуы керек. Осы теория иелері табалдырық теориясын қабылдамайды оны гипотеза дейді.

Сезгіштікті объективті өлшеу және субсенсорлық облысы.

Психологиялық зерттеулерде адамның сезгіштігі түйсінуге табалдырығымен анықталады, яғни сыртқы тітіркендіргіш пен сөз хабарламасы әсерлерін ұғыну табалдырығы. Адам сезгіштігінің түйсінілмейтін тітіркендіргіштерге қатысты зона болатынын кеңес физиологы Г.В.Гершуни анықтаған. Субсенсорлық облыс ылғи да нормада жұмыс істейтіндігі дәлелденді

Табалдырық сигналдарын табу және шешім қабылдау теориясы.

Мысалы, қараңғылыққа бейімделген көз 7 квант жарығына тең. Егер көз одан да мықты сезгіш болса, біз басқа эффект алар едік. Абсолютті табалдырық психология тарихында ұзақ қаралса да, әлі теориялық дискуссия көп.

Шешім қабылдаудың статистикалық теориясына тоқталамыз. Бұл теория сезгіштік проблемасын жанаша қарастыруға мүмкіндік береді. Мағынасы бойынша бұл теория тәуекел жағдайында шешім қалай қабылданады, соны суреттейтін жалпы теория болып табылады. **Тітіркендіргіштерді табу проблемасына қатысты шешімдерді қабылдау** теориясына берілген қосымшаны сигналдарды табу теориясы деп атайды. Ол шешім қабылдау мысалы ретінде табу ситуациясындағы бақылаушының мінез-құлқын қарастырады.

Сенсорлық шкалалар және сенсорлық функцияның психофизикасы.

Фехнер, Вебер жұмыстары өлшеу ғылымына бағытталды. Бірақ олар математиканың көмегінен белгілі бір жүйелікті қамтымады. Ғылымда үш өлшеу шкаласы белгілі, олардың бәрі психологияда қолданылады – реттік, интервалдар және қатынастар шкаласы. Реттік шкаланың негізгі кемшілігі – шкалада бөлінген әртүрлі нүктелердің арақашықтығы жайлы айтпайды. **Түйсінуге күшін реттік шкала бойынша өлшесек, бір түйсінуге екіншісіне** қарағанда күштірек дегенді айта алмайды, ол жоғарғы қатарға ие болса ғана, біз оны күштірек деп ойлаймыз, бұл дәл емес, ендеше біз өлшеудің пайдалы нәтижелерін алу үшін ретке қарағанда, шкалалауда сандық қатынасты қолдансақ, сол тиімді.

Тек өлшеу бірлігін табу керек. Оны интервалдар шкаласы жасай алады, екі нүкте арасындағы айырмашылықты анықтайды. Ноль нүктесіне судың қатуы, ал 100-қа судың қайнау нүктесі алынды (**Фаренгейт шкаласы**). **Қатынастар шкаласы – ең қарапайым өлшеу** шкаласы. Стимулдарды дәл сипаттау үшін көбінесе қатынастар шкаласын қолданады - өлшеу, салмақ, жарықтық шкалалары. Осы стимулдар шақырған түйсінуге туралы не айтуға болады? Түйсінуді шкалалауға бола ма: Түйсінуден қатынастар шкаласына қалай өтеміз? Шкалалаудың бірнеше тәсілдері бар, олардың бастысы – фракциялау, қатынастарды бағалау және шамаларды бағалау. Осы үш әдіс бірдей нәтиже береді.

Түйсік – қоршаған орта заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерін бейнелейтін қарапайым процесс. Басқа сөзбен айтқанда, адам қоршаған ортаның барлығын түйсінеді.

2. Қабылдау психологиясының жалпы сұрақтары.

Қабылдау психологиясының жалпы сұрақтарын талдау үшін келесі мәселелерді білуіміз керек. Қабылдаудың психологиялық ерекшеліктері.

1. Қабылдаудың психологиялық табиғаты.
2. Қабылдаудың константтылығы, ұғынымдылығы.
3. Бейнелердің заттық (предметность) (қабылданатын объектіге (субъектіге) мән мағына беріп ұғынып саналы қабылдау) мазмұны.
3. Перцептивті бейнелердің өзіндік ерекшеліктері.
4. Қабылдаудың қасиеттері және феномендері.
5. Заттық «предметный образ» бейненің пайда болуының сенсомоторлық теориясы.
6. Адаптация динамикасы мен феноменологиясы.

7. Қабылдаудың психологиялық анықтамасы.
8. Перцепцияның негізгі көздері.
9. Қабылдаушы белсенділік
10. Қабылдау іс-әрекет ретінде. Перцептивті іс-әрекет.
11. Зерттеу іс-әрекеті және жаттығулардың рөлі.
12. Перцептивті референтті жүйелер.
13. Антиципиялық іс-әрекет.
14. Қабылдаудың феномендері.
15. Оптикалық бұрмаланудағы қабылдаудың заттылығы.
16. Оптикалық бұрмалану түрлері (инверсия, реверсия, араласу, түрдің өзгеруі, диспараттылық белгісі).
17. Қабылдаудың классикалық теориялары
18. Қабылдаудың жаңа теориялары
19. Соқыр, естімейтін балада «көру бейнелерін» қалыптастыру.
20. «Тері көруі» феноменологиясы.

Қабылдау заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп, оларды санада тұтастай заттық түрде бейнеленуі. Қабылдау түйсінулерге негізделіп құралады. Егер адам түйсіну арқылы дүниедегі заттардың жеке қасиеттерін ғана бейнелейтін болса, қабылдау арқылы заттар мен құбылыстарды бүтіндей, тұтас зат күйінде бейнелейді.

Түйсіну, қабылдау пайда болуы үшін заттар мен құбылыстар адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп отыруы керек.

Қабылдау психикалық процесінде адам өзінің ойы мен ақылын бір мақсатқа көздеп, соған жұмсап отырады. Зейінін қабылдайтын затына бағыштайды. Адамның қабылдау процесі белсенді болады.

Қабылдауда ой процесінің қатысуы арқылы жалпылау элементтері де ұшырайды.

Қабылдаған заттарды жалпылағанда кей кезде адам оларды да бір-біріне қосып, бір әрекетке айналдырады.

Бұл жөнінде Л. Фейербах ойлаудың барлық сезімдерімізге қатысының барлығын «тап-таза» көру процесінде де ойдың қатысып отыратындығын, егер көретін заттарға адам зейінін бұрмаса, олардың айналасындағы басқа заттардан бөліп, бөлшектеп, даралап алып, қарамаса адамның оларды жақсылап көре алмайтындығын, сезе алмайтындығын айтады.

Қабылдаудың физиологиялық негізі – ми қабығындағы талдағыштар жүйесінің бірлескен қызметі мен мидың талдау, жинақтау функциясынан туындайды. Қабылдау түрлері әсер етуші заттардың түрлерімен өте тығыз байланысты.

Мәселен, біздің көз алдымызда тұрған нәрселерді көреміз, айналадағы дыбыстарды естиміз, түрлі иіс болса, оны білеміз, денемізге тиген заттарды сезіп, олардың температурасын, сыртқы пішінін, тағы басқа қасиеттері мен сапаларын ажыратамыз.

Қабылдау процесінде қандай анализатор көбірек орын алса, қабылдау да соларға байланысты болып отырады.

Егер қабылдау процесінде көру талдағышы көбірек орын алса, көру қабылдауы, ал егер есту талдағышы көбірек орын алса, есту қабылдауы болады.

Жалпылап қабылдаудың нәтижесі адамның ақыл-ой өрісімен байланысты. Адам қаншалықты білімді болса, соғұрлым жалпылап қабылдау да оның іс әрекетінде үлкен орын алады.

Жалпылап қабылдауды ғылымда категориялық деп те атайды.

1. Қабылдаудың түйсінуден негізгі айырмашылығын көрсететін – оның **объективациясы-**

2. Қабылдауда бейнелерді қалыптастыру үшін зерттеуге бағытталған ішкі және сыртқы жұмыс жасалады.

3. Қабылдаудың физиологиялық негізі (бейнелерді қалыптастыру) көптеген психофизиологиялық жүйелерді біріктіреді.

4. Қабылдау келген сигналдарды, әсер еткен сигналдарды қабылдайды және қайта өңдейді, яғни күрделі ойлау іс-әрекетін жүзеге асырады.

5.Түйсіну мен қабылдау процестерінің табиғаты жайлы жаңаша идеяны айтқан И.М. Сеченов пен И.П. Павловтың жұмыстары болды.

6. И.М. Сеченов түйсінудің шығу тегін, оны заттық іс-әрекетпен детерминацияланған психологиялық құбылыс ретінде түсінуге күш салды. Оның пікірінше, іс-әрекет рефлекстен шығады, оның құрылымын сақтайды.

7.Көру өрісінде ұқсас процестер бір-бірін тартады, осы өзара тартылған ұқсас процестер көру өрісінде байланыстырушы күштердің негізін жасайды.

8.Осы байланыстырушы күштердің интенсивтілігі квази мөлшері заңдармен анықталады:

1. Процестер арасындағы сапалы ұқсастықтар неғұрлым көп болса, оларды байланыстырушы күштер соғұрлым күшті.

2. Интенсивтілік бойынша процестердің ұқсастығы көп болса, олардың байланыстырушы күштері де көп. Бұған дәлел Либман эффектісі.

3. Ұқсас процестердің арасындағы арақашықтық аз болса, оларды байланыстыратын күштер көп болады.

4. Ұқсас процестердің арасындағы уақыт интервалы аз болса, олардың **байланысушы күштері күшті болады. Оларға жақсы мысал – фи-феномендері** гештальтпсихология мектебінің эксперименттік зерттеулері.

5.Байланыстырушы және ұстап тұрушы күштердің арасында қарама-қайшылық көп болса, көру өрісінің энергиясы да көп болады. Ол энергиялар перцептивті жұмыс жасауға қабілетті. Барлық көру өрісі шиеленісушілікті (напряжение) азайтады.

3.Қабылдау перцептивті іс-әрекет ретінде

1.Қабылдаудың түйсінуден негізгі айырмашылығын көрсететін – оның **объективациясы-Қабылдауды танымдық іс-әрекет ретінде қарастыруға ең негізгі маңыздылықты** беретін сипаты бар.

1.Қабылдау түйсінуден бөлінбейді. Бірақ ол түйсінулердің жәй қосындысы емес.

2.Қабылдауға өткен тәжірибе, қабылдаушының ойлауы, оның эмоциялары, сезімдері кіреді.

3.Қабылдаудың ерекшеліктерін оптикалы-геометриялық иллюзияларда (Мюллер-Лайер) көруге болады (семинарда қаралады) немесе оларды иллюзорлық қабылдау деп атайды.

4. Қабылдау анализ бен синтездің, бүтін мен бөлшектің бірлігі.

Қабылдаудың қасиеттері –

1. константтылығы,

2. ұғынымдылығы,

3. заттылығы,

4. мазмұндылығы,

5. тарихилығы,

6. таңдамалылығы немесе белсенділігі,

7. қабылдау және жеке адамның бағыттылығы,

8. бақылау және байқампаздық. Осы жағдайлар толық семинарда талқыланады.

Қабылдаудың түрлері:

Модалдылығы бойынша (көру, есту, иіс, дәм сипап сезу) және материя формасы бойынша (затты, форманы, шаманы кеңістікті, уақытты, қозғалысты) қабылдау түрлері бар.

Қабылдау феномендері – қабылдаудың феномендері оның категорияларымен байланысты. Ол алты класқа бөлінеді:

1. **Қабылдаудың бүтіндігі –** ол күнделікті тәжірибемен байланысты. Қабылдаудың интенсивтілігі және күші сияқты сапаларын бастан өткереміз. Қабылдауда сапа мен өлшеу орта шартымен модификацияланады (фон немесе жарқырау).

2. **Қабылдаудың стимуляциясы,** ол қабылданған заттардың олардың формалары, контуры, олардың топтамасымен, яғни конфигурациялық сапаларымен байланысты.

Фигура мен фон қабылдаудың негізгі аспектісі. Әрбір сенсорлық модальда әлем кейбір фондар орналасқан фигуралардан тұрады.

Қабылдауда ішкі бүтіндік өзара әрекеті орын алады: әрбір бөлік басқасына әсер етеді. Ол біздің зат жайлы сезімдік мазмұнға емес, перцептивті тәжірибеге байланысты. Немесе қабылдаудың екінші феномені немесе екінші класы. Ол қабылдаудың фигурациялы немесе конфигурациялы аспектісі деп аталады.

3. Қабылдау өткен тәжірибеге тәуелді, өткен тәжірибе дұрыс қабылдауды қамтамасыз етеді, қабылдаудың константтылығы.

4. Адам бағалаудың субъективті шкаласын өзі жасайды. (жарық, күңгірт, солғын, қараңғы-эмоциямен байланысты). Осыған байланысты қабылдаудың төртінші класы – қабылдаудағы қасиеттердің санақ жүйесі деп атайды.

5. Қабылдаудың универсалды аспектісі – ол қабылдаудың нақты заттық (предмет) сипатымен байланысты немесе оны қабылдаудың фундаменталды қасиеті деп атайды: Бұл қасиет «мән» ретінде түсініледі. Мән тек конфигурациямен немесе бүтіндігі ғана емес, оның шамасымен, жарықтығымен де байланысты. Нақты жағдайлар мен әрекеттердің мәнін сипаттауға қолданамыз.

6. Біз алғашқы үш категорияның сенсорлық сапалар мен өлшеуде, конфигурация мен константтылықта барлық адамға тән қабылдау қасиеттерін суреттедік. Ал төртінші, бесінші категорияны дұрыс тәжірибеге ие адамдарға қатысты сипаттадық.

Ал алтыншы феноменді қабылдаудың индивидуалды айырмашылығына байланысты және бір индивидтің әртүрлі күйіне қатысты суреттейміз. Оны доминант – ішкі бағдар немесе күй эффектісі деп атаймыз. Ол қабылдаудың таңдамалылығына қатысты болады.

Сонымен, қорыта айтсақ, қабылдаудың алты феномені:

1. Сенсорлық сапалар және өлшеу;
2. Конфигурация;
3. Константтылық;
4. Санақ жүйесі;
5. Заттық сипат;
6. Доминант – ішкі бағдар (установка) немесе күй.

Осы 6 кластың эксперименттік бекітулері семинарда талқыланады.

Кеңістік пен уақыт – объективтік категория. Дүниедегі заттар мен құбылыстар кеңістікте орын алады, уақыт ішінде өзгеріп, дамып отырады. Кеңістікті қабылдау – күрделі процесс. Тек адамның нақтылы тәжірибесі арқылы ғана кеңістікті дұрыс тануға болады.

Қабылдау субъектінің практикалық іс-әрекетін бағдарлап, өз дамуында сол іс-әрекеттің шарты мен сипатына байланысты болады. Перцептивті процестердің генезисін, құрылымын және функцияларын зерттеу маңызды және «праксеологиялық» сипатқа ие.

Қабылдау мен іс-әрекеттің өзара байланысы жайлы түсініктер ұзақ жылдар мойындалмады. Баланың практикалық іс-әрекеті, оның жасқа байланысты өзгеруі адам қабылдауының онтогенезіне маңызды әсер етеді. Индивид қабылданған объект үшін және оның қасиеттерін бағалау үшін меңгерген эталондарды қолданады.

Ол эталондар қабылдаудың оперативті бірліктерін құрайды, баланың перцептивті әрекетін жанамайлайды, сол сияқты оның практикалық іс-әрекеті құралмен жанамаланады, ал ойлау әрекеті сөзбен жанамаланады. Қабылдаудың іс-әрекеттен тәуелділігі баланың онтогеникалық дамуына, функционалды дамуына (сенсорлы оқытудың әсерінен перцептивті әрекеттердің қалыптасуы) байланысты.

Қабылдау мен әрекеттің арасында баланың дамуы барысында өзгеріп отыратын күрделі өзара қатынас болады. Баланың алғашқы даму айында сенсорлық функциялардың дамуы (дистантты рецепторлар) соматикалық қозғалыс онтогенезін басып озады және соңғысының дамуына мәнді әсер етеді.

Бағдарлаушы қозғалыс жоғарғы деңгейге ие болады. Және бағдарлаушы – орнатушы функцияны орындайды (рецепторды сигналдарға бағыттайды). 3-4 айында балада қарапайым практикалық әрекеттер қалыптасады, заттарды ұстау, манипуляциялау. Сенсорлық процестер осы практикалық әрекетке қымат етеді.

Біртіндеп бағдарлаушы-орындаушы, перцептивті әрекеттерді меңгереді. Ерте балалықтан мектепке дейінгі жасқа өтіп (3-7 жас), бала оқыту барысында арнайы адамдық продуктивті іс-әрекетті игере бастайды.

Продуктивті іс-әрекет баланың алдына жаңа перцептивті міндеттер қояды. Жаңа перцептивті әрекеттер қалыптастырудың бірінші сатысында проблема сыртқы материалды, заттар көмегімен практикалық түрде жүзеге асады.

Ал екінші сатыда сенсорлық процестер практикалық іс-әрекет әсерінен ерекше өзіндік перцептивті әрекетке айналады. Үшінші сатыда перцептивті әрекеттер, өту уақыты қысқарып қабылдау әрекетсіз енжар процесс әсерлерін туғызады.

Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей, бұл сатыда сыртқы бағдарлаушы-зерттеу әрекеті идеалды, қабылдау өрісінің қозғалысына айналады.

Қабылдау психологиясының жалпы мәселелері және қабылдау феномендері. Сезгіштіктің барлық филогенетикалық дамуы мына жағдайды көрсетеді: тітіркендіргішке қатысты сезгіштіктің даму процесі биологиялық мәнділігімен байланысты, яғни тіршілікпен, мінез-құлықпен, ортаға бейімделумен байланыс.

Адам қабылдай отырып, тек көрмейді – қарайды, тек естімейді – тыңдайды, ішкі бағдарды жиі таңдайды, ол затты адекватты қабылдауды қамтамасыз етеді. Адамның қабылдауы тек сезімдік бейне ғана емес, тірі ұғыну. Әрекетпен, іс-әрекетпен байланыс қабылдаудың тарихи дамуын көрсетеді. Әрекет қажеттіліктерімен шарттанған.

Қабылдау әрекетпен және іс-әрекетпен тығыз байланысты. Қабылдау – болмысты тану формасы (познания). Индивидуалды санада пайда болған бейнелерді қоғамдық тәжірибеде табылған затпен, мазмұнмен салыстыру, қосу, тексеру.

Сонымен жалпы айтсақ, Қабылдау анализ бен синтездің, бүтін мен бөлшектің бірлігі.

Қабылдауды танымдық іс-әрекет ретінде қарастыруға ең негізгі маңыздылықты беретін сипаты бар. Қабылдау түйсінуден бөлінбейді. Бірақ ол түйсінудің жәй қосындысы емес. Қабылдауға өткен тәжірибе, қабылдаушының ойлауы, оның эмоциялары, сезімдері кіреді.

Қабылдаудың кейбір түрлерін анализдейміз

Кеңістікті қабылдау екіге бөлінеді:

1. арақшықтықты қабылдау
2. және алыстағыны қабылдау

Осы екі қабылдау арқылы қабылданатын, заттардың, құбылыстардың бағытын, шамаларын, формаларын, контурын, рельефін қабылдаймыз. Кеңістікті қабылдауда көру қабылдауы арқылы тереңдікті түйсінуді ерекше орын алады.

Екі көздің көз торында қиылысқан нүктелердің бейнесін беретін **нүктелердің жиынтығы гороптер деп аталады.**

Егер сәйкес келмейтін немесе диспаратты нүктелер тітіркендірілсе, онда бақылаушы бір емес, екі нүктені көреді.

Сәйкес келмейтін нүктелерді тітіркендіру барысында пайда болатын ерекше қабылдаулар конвергенция мен аккомодация құбылысына да байланысты, яғни заттарды қараудағы көздің бейімделуінің екі механизмі болады, бірі конвергенция бірі аккомодация.

Конвергенция затқа екі көзбен бірдей қарау, аккомодация арақшықтыққа байланысты қабылдау

Аккомодациялық бұлшық еттер көздің қимыл нервтерімен сәйкестенеді.

Шамаларды (величина) қабылдау шаманың бұрыштық шамасы мен арақшықтығына байланысты.

Адамның Тәжірибесі көбейген сайн көздің бейімділігіде дамиды, кеңістіктегі шамаларды салыстыра алады

соған абйланысты қабылдайтын адам өзінен қабылданатын объектілердің алыстауы мен бағытын салыстыра аалтын қасиетке ие болады көз **өлшегіштік деп атайды (глазомер).**

Формаларды қабылдау дегеніміз бір заттың формасын қабылдау үшін заттардың шекараларын нақты сызып (көзде, санада) ажыратып бейнелеуді айтамыз.

Қозғалысты қабылдау күрделі құбылыс, қозғалысты қабылдау тек көз қозғалысымен ғана анықталмайды.

Кейде шын қозғалыс жоқ болса да қабылданады, мысалы, экранда аз ғана уақыт интервалымен кезектескен қозғалыстарды көрсету барысында қозғалыс әсерін түйсінуге болады, оны страбоскопиялық эффект деп атайды.

Уақытты қабылдауда екі жағдай негізделеді:

1. Ұзақтықты түйсінуге – ол висцералды сезгіштікпен шарттанған;

2. Уақытты қабылдау, сезімдік органикалық негізде дамиды.

Уақытты қабылдау екіге бөлінеді:

а) уақыт ұзақтығын қабылдау,

ә) уақыт бірізділігін қабылдау.

Автокинетикалық қозғалыс деген бар, яғни – қабылданатын жарық нүктесінде көру қоршауының болмауы. Көру өрісінде басқа кескін қалай кірсе, автокинетикалық эффект азаяды.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі:

1. **Выготский Л.С.** Лекции по психология. – М.: Изд-во Перспектива, 2018.-148 с. ISBN: 978-5-9906376-6-5

Аннотация:

Кітапқа белгілі психолог Л.С. Выготский жоғары психикалық функциялар және олардың балалық шақтағы дамуы туралы дәрістері кіргізілген. Кітап психологтарға, философтарға, оқытушыларға, психологиялық факультеттердің студенттеріне арналған.

2. **Гиппенрейтер Ю.Б.** «Введение в общую психологию» .-М. Из-во АСТ, 2019.-352 с. ISBN: 978-5-17-108952-8

Аннотация:

Оқу құралында психология ғылымының негізгі ұғымдары ашылып, оның маңызды мәселелері мен әдістері көрсетілген. Автордың көп жылдар бойы Мәскеу мемлекеттік университетінің психология факультетінде 1 курс студенттеріне арналған лекциялар курсы негізінде жасалған оқу құралы аудиториямен қарым-қатынастың жеңілдігін сақтайды, көркем әдебиет және өмірлік жағдайларды, эксперименталды зерттеулерден көптеген мысалдарды қамтиды. , Ол жоғары ғылыми деңгей мен жалпы психологияның іргелі мәселелерін ұсынудың танымалдылығын сәтті үйлестіреді.

Психологияны оқи бастаған студенттерге арналады; оқырмандардың кең ауқымын да қызықтырады.

3. **Джеймс У.** Психология.-М., Изд-Во.: Амрита-Рксь, 2020, 448 с. ISBN: 978-5-413-01948-1

Аннотация:

Американдық психологияның негізін қалаушы Уильям Джеймс (1842–1910) «Психология» оның «Психология негіздері» атты ұлы еңбегінің қысқартылған нұсқасы болып табылады. Неміс психологтары мен философтарымен пікір таластыра отырып, Джеймс сананың «ішіндегі» деректерді емес, нақты фактілер мен сана күйлерін зерттеу міндетін алға қояды. Ол сананы бірдей сезімдер немесе ойлар екі рет қайталанбайтын ағын деп санайды. Бұл кітап психология негіздерін зерттегісі келетіндердің барлығына пайдалы болуы мүмкін.

4.Донцов Д.А., Орлова Е.А., Сенкевич Л.В. Психология познавательных-процессов.- Учебное пособие, Москва –Юрайт.- 2018.-189 с.

Аннотация:

Оқу құралында психикалық танымдық процестердің күрделі құбылыс екені туралы айтылады. Оларды түсіну мен түсінуге жаңа тәсілдерді классикалық және заманауи ықпалдар берілген. Барлық танымдық процестердің психикалық мәні жүйелі түрде зерттелген: олардың анықтамалары, қасиеттері, түрлері, функциялары талданылған. Оқу құралының мазмұны жоғары білімнің Федералдық мемлекеттік білім беру стандартының қазіргі талаптарына сәйкес келеді. Оқу құралы психологиялық-педагогикалық мамандықтар мен оқыту бағыттарының студенттеріне, аспиранттарға, оқытушыларға арналған.

Ғаламтор ресурстары: (3-5 тен кем емес)

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. <http://www.psychology.ru>
3. <http://www.flogiston.ru>
4. <http://www.colorado.edu/VCRsearch/integrity/humanresearch/CITI.htm>
5. CyberBear (<http://cvberbear.umt.edu>)
6. <http://www.umt.edu/psych/>
7. <http://www.humanities.edu.ru>